

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРИЗМ ЖӘНЕ МЕЙМАНДОСТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



СТУДЕНТТЕРДІҢ КЕЗЕКТІ ІІ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

(Түркістан 2022)

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Түркістан қаласында орналасқан Халықаралық туризм және меймандостық университетінде **2022 жылдың 28 қараша мен 02 желтоқсан күндері аралығында Студенттердің кезекті ІІ ғылыми-теориялық конференциясы өтеді.**

Конференцияның мақсаты – студенттердің тұрақты және тиімді ғылыми-зерттеу қызметін жасау, оқыту принциптері, ғылыми зерттеулер, халықаралық практикаға сәйкес ғылыми-зерттеу принциптерін оқыту, Халықаралық туризм және меймандостық университетінде СҒЗЖ сапасын арттыру.

Конференцияның негізгі бағыттары:

1. Туризм бағыты
2. Қонақүй және мейрамхана бизнесі бағыты
3. Спорт бағыты
4. Гуманитарлық ғылымдар бағыты

Конференцияны өткізу күні: 28.11.-02.12.2022 ж.

Өткізу форматы: офлайн

Конференцияны өткізу орны: Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Рабиға-Сұлтан Бегім көшесі 14 «Б», Ректорат Акт залы.

Назар аударыңыз:

- Жұмыс тілдері: қазақ, орыс, ағылшын, түрік

Баяндама мәтініне қойылатын талаптар:

1. Баяндаманың (мақаланың) көлемі 5-7 беттен (А 4 форматы) аспауы тиіс, шрифт - 12 MS Word бағдарламасы. Кестелер, диаграммалар, суреттер

тақырыптарымен берілуі және Windows бағдарламасында жинақталған болуы керек.

2. Жоғарғы шегі – 2 см, төменгі – 2 см, оң жағы – 1,5 см, сол жағы – 3 см, Шрифт: Times New Roman, кегль – 12.

3. Қатараралық интервал - бірлік. Абзац: 1,25 см.

4. Баяндаманың соңына әдебиеттер тізімі беріледі. Сілтеме тік жақшаға алынып, қайталанған жағдайда реттік номеріне сай пайдаланылған әдебиеттің беті көрсетіледі. Мысалы: [7, 3 б.]. ағылшын тіліндегі нұсқасында үтір орнына нүкте қойылады, мысалы 1,2 – деп көрсетілген сілтемені 1.2. етіп түзету керек.

- Мәтін құрылымы Мақала атауы, студенттің аты-жөні, оқу курсы, электронды поштасы, ғылыми жетекшісінің аты-жөні, ғылыми дәрежесі, жұмыс орны, IMRAD - мұндағы I – Introduction (кіріспе), M – Methods (әдіс-тәсілдер), R – Results (зерттеу нәтижелері), A – және, D – conclusion+ discussion (қорытынды, нәтижелерді талқылау және тұжырым), әдебиеттер тізімі үлгіге сәйкес рәсімделуі шарт.

Мақаланың (баяндаманың) электронды нұсқасын *конференцияға* деп белгілеп t.abdrasilov@iuth.edu.kz электронды поштасына жіберу керек.

Ұсынылған материалдардың дұрыстығына студент пен ғылыми жетекшісі жауапты болады. Ұйымдастырушылар талаптарға сәйкес келмейтін немесе көрсетілген мерзімнен кеш жіберілген және талапқа сай рәсімделмеген мақалаларды жариялаудан бас тартуға құқылы.

Әр қатысушыға конференцияның электронды жинағы және сертификаты ұсынылады.

Ұйымдастырушылармен байланыс:

- Абдрасилов Т.К. 8 776 046 0006
- Аширбек Г.Б. 8 775 624 8082

Электрондық мекен-жайы:

t.abdrasilov@iuth.edu.kz

g.ashirbek@iuth.edu.kz

Мақаланы рәсімдеу үлгісі

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ АЯСЫНДА ТУРИЗМДІ ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Ермек Іңкәр

2-курс студенті

e-mail: inkar.ermek@iuth.edu.kz

Жолманова Назерке Жанайдарқызы

Аға оқытушы, магистр

Халықаралық туризм және меймандостық университеті

Түйін. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы еліміздің әр тасы мен тауын сүйеге, құрметтеуге шақырады. Пандемиядан кейінгі жағдай қазіргі таңда ішкі туризмге жаңа мүмкіндіктер ашты. Атап айтқанда сыртқа шығу қымбат әрі қауіпті болатын, ал ішкі туризм арзан, тиімді және ең бастысы қауіпсіз еді. Сондықтан да «Рухани жаңғыру» аясындағы ішкі туризмді дамытуға негіз болатын «Сакралды Қазақстан» бағдарламасы мен «Кіші Атамекен» бағдарламасы аясындағы табиғи мекендер бүгінде үлкен қызығушылық тудыруда. Әсіресе Алматы облысындағы 17 нысан Қазақстанның киелі географиясы тізіміне енсе, облыстық тізімге оның 41-і еніп, жақсы дамуда. Халық арасында құрметке ие мәдени мұра ескерткіштері, кесенелер, табиғи ландшафттар, маңызды саяси, тарихи оқиғаларға байланысты орындар Қазақстандық, шетелдік саяхатшылар белсенді түрде келетін орындарға айналды.

Кілт сөздер: туризм, «Рухани жаңғыру» жобасы, туристік әлеует, туристификация картасы, проблема, тарихи-мәдени ескерткіш.

Аннотация. Программа «Рухани жаңғыру» призвана любить и уважать каждый камень и гору страны. Ситуация после пандемии сегодня открыла новые возможности для внутреннего туризма. В частности, выезд был дорогим и опасным, а внутренний туризм – дешевым, эффективным и, главное, безопасным. Поэтому сегодня большой интерес представляют природные объекты в рамках программ «Сакральный Казахстан» и «Кіші Атамекен», которые являются основой для развития внутреннего туризма в рамках «Рухани жаңғыру». В частности, 17 объектов Алматинской области вошли в список сакральной географии Казахстана, 41 из них вошли в областной список и хорошо развиваются. Памятники культурного наследия, мавзолеи, природные ландшафты, места, связанные с важными политическими, историческими событиями, которые пользуются уважением у населения, стали местами активного посещения казахстанскими и зарубежными путешественниками.

Ключевые слова: туризм, проект «Рухани жаңғыру», туристский потенциал, карта туристификации, проблема, историко-культурный памятник.

Annotation. The program Ruhani zhangyru calls for love and respect for every stone and mountain of our country. The post-pandemic situation currently opens up new opportunities for domestic tourism. In particular, outside travel was expensive and dangerous, and domestic tourism was cheap, profitable and, most importantly, safe. Therefore, natural sites within the framework of the sacred Kazakhstan program and the small Atameken program, which are the basis for the development of domestic tourism within the framework of the Ruhani zhangyru program, are of great interest today. Especially in Almaty region, 17 objects are included in the list of sacred geography of Kazakhstan, 41 of them are in the regional list and are developing well. Monuments of cultural heritage, mausoleums, natural landscapes, places associated with

important political and historical events have become places that are actively visited by Kazakh and foreign travelers.

Keywords: tourism, the program Ruhani zhangyru, tourism potential, tourism map, problem, historical and cultural monument.

Тәрбиені дамыту проблемалары сөзсіз назар аударуға лайық, өйткені әңгіме Қазақстанның ертеңгі күні, өскелең ұрпақтың тәрбиесінде, шығармашылық дамуында, азаматтық қалыптасуында тамыры бар еліміздің ұлттық қауіпсіздігі туралы біздің қоғамымыздың құндылық бағдарлары туралы болып отыр. Бүгінгі таңда біздің елімізде қоғам мен тұтастай мемлекеттің қазіргі заманғы қажеттіліктеріне бағдарланған тәрбиенің тұтас жүйесі құрылды. Сондықтан Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесіндегі тәрбиені дамыту соңғы жылдары ең басым бағыттардың біріне айналды.

2017 жылы Президент Н. Назарбаев Қазақстанды жаңғыртудың үшінші кезеңі – Рухани жаңғыру – қоғамдық сананы жаңғырту басталғанын жариялады. Жаңа типті жаңғыртудың бірінші шарты – өз мәдениетін, өз ұлттық кодын сақтау болып табылады.

«Рухани жаңғыру» барлық заманауи тәуекелдер мен жаһандық жанайқайды қоса алғандағы қазақстандық рухани құндылықтардың жандануына бағытталған Мемлекет басшысының бағдарламалық мақаласы. Жаһандану дәуірінде қазіргі ұрпақтың қалыптасуының маңызды факторларының бірі тарих пен тарихи сананың құндылығын қалыптастыру болып табылады [1].

Әлемдік экономика дамуының қазіргі жағдайында туризм жетекші және қарқынды дамып келе жатқан салалардың біріне айналуға. Туризм бюджетке салықтық түсімдер, жұмыс орындарының санын ұлғайту, шетел валютасының ағыны есебінен экономиканың негізгі секторларын (көлік, байланыс, құрылыс, ауыл шаруашылығы, жаппай тұтыну тауарларын өндіру) дамытуға үлес қосады.

Қазақстан тиімді геосаяси жағдайға ие бола отырып, елеулі табиғи-рекреациялық ресурстарға және әлемдік мәдени және тарихи мұра объектілеріне (ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мәдени мұра тізіміне 11 объект енгізілген) бірегей табиғи әртүрлілікке ие бола отырып, жаңа туристік өнімдерді дамыту әлеуетіне және әлемдік туризм картасында ірі ойыншы болу үшін барлық қажетті базалық алғышарттарға ие. Алайда, қазіргі уақытта туризм саласы ұлттық ауқымда аз әлеуметтік-экономикалық әсерімен қалыпты қарқынмен дамуда. Қазақстан Республикасына туристік ағындарды ұлғайту мақсатында кедергілерді азайту және саланы стратегиялық жоспарлау арқылы саланың әлеуетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау қажет [2].

Қазақстанның туризм саласының жай-күйіне жүргізілген талдау қорытындылары бойынша саланы дамытудың мынадай күшті және әлсіз жақтары, мүмкіндіктері мен қауіптері айқындалды (SWOT-талдау):

Кесте 1 – SWOT-талдау

S Strengths	W Weakness	O Opportunities	T Threats
1) табиғи ресурстардың болуы; 2) халықаралық маңызы бар объектілерді қоса алғанда, материалдық және материалдық емес мәдени мұра ескерткіштерінің болуы; 3) тұрақты саяси және мемлекетшілік жағдай; 4) Қазақстанның тиімді геостратегиялық орналасуы; 5) Орталық Азия өңіріндегі дамудың жоғары деңгейі болып табылады.	1) туризм орындарында инженерлік-көлік инфрақұрылымының жеткіліксіз дамуы; 2) туристік объектілерге қол жеткізу қиындығы; 3) туристер демалатын орындардағы сервисің төмен деңгейі; 4) туризм саласында білікті кадрлардың жетіспеушілігі; 5) туризм саласына сыртқы инвестициялар санының жеткіліксіздігі; 6) жетілмеген визалық және көші-қон режимі; 7) әуе кеңістігін реттеудегі шектеу; 8) ішкі және халықаралық нарықтардағы Қазақстанның туристік әлеуеті туралы ақпараттың төмен деңгейі; 9) тұру және әуе тасымалдарының жоғары бағалары.	1) шығу туризмінің жоғары әлеуеті бар елдермен жақын орналасуы (Ресей, Қытай); 2) бірегей жергілікті туристік өнімдерді әзірлеу; 3) өңірлерді дамытуға, оның ішінде туристік және көліктік-логистикалық инфрақұрылымды жайластыру есебінен Белсенді мемлекеттік қатысу; 4) коммуникация және өнімдерді тарату саласында қазіргі заманғы технологияларды пайдалану.	1) жақын орналасқан елдердің ұқсас туристік өнімдері; 2) іскерлік сапарлар көлеміне қатты тәуелділік; 3) көлік қатынасының баяу дамуы (әуе, жер үсті); 4) жаңа әлемдік және өңірлік дағдарыстар.

Қорытынды

Қорытындылай келе, туризм Қазақстандағы өз дамуын түбегейлі өзгерту бойынша жүйелі шаралар қабылдауды қажет ететінін атап өткім келеді. Бізге бүкіл елдің ой-санасында ауқымды өзгеріс қажет, яғни туризм үлкен бизнес идеяға айналуы керек. Туризм және «қазақстандық қонақжайлылық» Қазақстанның жаңа әлемдік брендіне айналуға тиіс. Туристті «кедергісіз ортаға» алып келудің маңызы зор, ол өзін Қазақстанда үйдегідей сезініп, Қазақстанда болудан ләззат алып, өзінің басқа отандастарымен міндетті түрде бөлісетін шаттыққа толы әсерлерімен кетіп қалуы-біз үшін шарт. Статистика бойынша әрбір жаңа турист тағы бес жаңа туристті тарта алады. Біз үшін басқа елдерден – біздің бәсекелестерімізден озып кету өте маңызды, туризм дамыған елдердегідей қолайлы ортаны құру, тартымды туристік өнімдерді ұсыну алдымызға қойылған міндеттердің бірі болып табылады. Елбасымыз ұсынған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы туризм саласы үшін өте құнды, әрі өзекті жоба болып қала бермек. Біздерге, яғни туризм саласының болшақ мамандарына, елімізде туризмді дамыту шаралары және Түркия, БАӘ секілді елдермен тереземіз тең болуына барынша жағдай жасалып жатқаны қуантарлық жағдай деуге болады. Сол себепті, бұл қабылданған бағдарламаны жүзеге асыру біздің миссиямыз деп білеміз.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Н.Ә. Назарбаев, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы. – 2017.
- 2 «Абай-ақпарат» қазақ интернет кеңістігін дамыту қоры». – №12996-ИА. – 2021. – 16 қазан. <https://abai.kz/post/142331>.
- 3 Об утверждении Государственной программы развития туристской отрасли Республики Казахстан на 2019-2025 годы. Постановление Правительства Республики Казахстан от 31 мая 2019 года №360. – [Электрондық ресурс] <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900000360>
- 4 Рухани жаңғыру бағдарламасы. Сананы жаңғырту қалай жұмыс істейді?. – 2017. – 20 қыркүйек. – [Электрондық ресурс] <https://informburo.kz/stati/modernizaciya-soznaniya-nachalas-kak-ona-rabotaet.html>.
- 5 2005-2020 Меншік иесі: «Egemen Qazaqstan» РГ». – №16827-СИ. – 2021. – 17 маусым. – [Электрондық ресурс] <https://egemen.kz/article/278701-rukhani-turizm-%E2%80%93-dganhghyru-dynh-dgoly>
- 6 Steppeart инстаграмм парақшасы. – [Электрондық ресурс] https://instagram.com/steppeart?utm_medium=copy_link

Презентацияны рәсімдеуге қойылатын талаптар

1. Презентация .mpp форматында болу керек.
2. Презентация 8 минуттан аспау керек.
3. Презентация келесі ақпараттар мен бөлімдерден құралу керек: ғылыми зерттеу жұмысының тақырыбы, авторы, тобы, мақсаты, зерттеу материалдары мен әдістері, нәтижесі, қорытынды